

2011 жылы көктемгі егістің оңтайлы мерзімдерін және көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге субсидияланған басымды ауыл шаруашылық дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидиялар алушылар тізіміне енгізуге тапсырыстарды ұсыну мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі N 152 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 24 мамырда N 13-10-135 тіркелді. Күші жойылды - (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімінің 2013 жылғы 14 қаңтардағы N 02-08-02-02/37)

Ескерту. Күші жойылды - (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімінің 14.01.2013 N 02-08-02-02/37)

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысының 10-тармағына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Мамлют ауданында 2011 жылғы көктемгі егістік жұмыстарын жүргізудің субсидияланған әрбір басымды ауыл шаруашылық дақылдар бойынша оңтайлы мерзімдері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының 1 тармағында нұсқалған субсидияланған басымды ауылшаруашылық дақылдардың түрлері бойынша субсидиялар алушылар тізіміне енгізуге тапсырыстарды ұсыну мерзімі 2011 жылдың 15 сәуірінен 10 мамырына дейін жүргізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.М. Гаджиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы 2011 жылдың 15 сәуірінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аким района

К. Калиев

А у д а н

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 0

с ә у і р д е г і

№ 152 қаулысына қосымша

Мамлют ауданында 2011 жылғы көктемгі егістік жұмыстарын жүргізудің субсидияланған әрбір басымды ауыл шаруашылық дақылдар бойынша оңтайлы мерзімдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімдігінің 2011.06.03 N 235 Қаулысымен

№ п /п	Жер игеру зонасы	Селолық округтер	Дақыл	Көктемгі егісті жүргізудің оңтайлы мерзімдері
1.	1 - орманды дала	Краснознамен, Белое, Пригород, Становое, Ленин	жаздық бидай, орташа және кеш мерзімді сорты	17.05-30.05
			ерте мерзімді бидай	26.05-04.06
			арпа – орташа кеш мерзімді сорты	25.05-30.05
			арпа – орташа мерзімді сорты	30.05-05.06
			сұлы	25.05-30.05
			ірі бұршақ	12.05-16.05
			бұршақ	25.05-30.05
			қарақұмық	22.05-28.05
			рапс	13.05-20.05
			зығыр, қыша	18.05-22.05
			май тұқымына арналған күнбағыс	15.05-18.05
			картоп	18.05-25.05
жүгері тағамға	16.05-20.05			
2.	2 – далалық жазық. Жер игеру зонасы 1 - орманды дала	Андреев, Воскресенов, Қызыләскер, Леденев, Новомихайлов, Дубровное	көктемгі бидай, орташа піскен, орташа кешкі	17.05-02.06
			ерте мерзімді бидай	28.05-06.06
			арпа – орташа кеш мерзімді сорты	25.05-30.05
			арпа – орташа мерзімді сорты	30.05-05.06
			сұлы	25.05-30.05
			ірі бұршақ	12.05-16.05
			бұршақ	25.05-30.05
			қарақұмық	25.05-30.05
			рапс	13.05-20.05
			зығыр, қыша	17.05-20.05
			май тұқымына арналған күнбағыс	15.05-18.05
			картоп	18.05-25.05
жүгері тағамға	16.05-20.05			

Қысқы бидайды, қара бидайды, негізгі көкөніс дақылдарын егудің оңтайлы мерзімдері

Қысқы бидай	25.08-05.09
Қысқы қара бидай	25.08-05.09
Сәбіз (тұқым)	10.05-15.05
Сарымсақ (тұқым)	10.05-15.05
Қызылша	25.05-05.05
Қияр	18.05-05.06
Қырыққабат көшеті	25.05-10.06
Томат көшеті	28.05-10.06

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК